

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2024 жылғы 10 мамырдағы № 184 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 14 мамырда № 34359 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр және тәрбие жұмысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрінің міндетін атқарушы*

Б. Сыздықов

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
міндетін атқарушы
2024 жылғы 10 мамырдағы
№ 184 бұйрығымен
бекітілген

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Азаматтық қорғау органдарында конкурстық негізде орналасатын басшы лауазымдар тізбесін және Азаматтық қорғау органдарында жоғары тұрған басшы лауазымдарға конкурс өткізу шарттары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 367 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23829 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық қорғау органдарында жоғары тұрған басшы лауазымдарға конкурс өткізу шарттары мен қағидаларында:

2-қосымшаның 16-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Әскери қызметіне қатысы _____

(әскери міндетті, әскери міндетті емес, әскери есептегі мамандығы, әскери атағы, әскери билеттің номері және жеке номері (бар болса))".

2. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнында қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 10 тамыздағы № 391 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23996 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнында қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларында:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) ілеспе оқыту форматы – білім алушылар ақпарат алатын, онымен өз бетінше немесе топтарда жұмыс істейтін, оны басқа қатысушылармен талқылайтын ақпараттық жүйелердің (бұдан әрі-АЖ) және басқа да байланыс құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, нақты уақыт режимінде білім беру процесіне қатысушылардың тікелей байланысын (стримингін) көздейтін қашықтықтан оқыту немесе онлайн-оқыту және оқытушылар кез келген жерден барлық уақыттың бірыңғай кезеңінде;

8) оқытудың асинхронды форматы - білім беру процесіне қатысушылардың, оның ішінде белгілі бір орын мен уақытқа байланбаған Ақпараттық жүйелер мен басқа да байланыс құралдары арқылы өзара іс-қимылын көздейтін қашықтықтан оқыту немесе онлайн-оқыту;

9) жаппай ашық онлайн-курс (бұдан әрі – ЖАОК) - электрондық оқыту технологияларын қолдана отырып және Интернет арқылы ашық қолжетімділікпен жаппай интерактивті қатысумен оқыту курсы;

10) онлайн прокторинг - шу деңгейін анықтаумен, мультифейсті танумен, бөлмені 360 градус режимінде жазуға сұрау салумен, күдікті оқиғаларды логиялаумен, жазбаның сақталуын, жеке басын тану мен сәйкестендіруді, бас пен дененің қозғалысын талдауды қамтамасыз ететін жеке басын верификациялау және онлайн-емтихандардан өту нәтижелерін растау жүйесі;

11) білім алушының цифрлық ізі - бұл LMS (Элэмэс) (оқытуды басқару жүйесі) және (немесе) өзге де платформаларда немесе ақпараттық жүйеде тіркелген Білім беру қызметінің нәтижелері туралы верификацияланған деректер жиынтығы.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) қашықтықтан оқыту форматы бойынша түскен бейіндік бағыт бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары (магистратура) бойынша білім алушыларға қатысты болады.";

7-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) білім алушыларға консультациялық қолдау көрсетуді және білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру, сабаққа қатысу, логиялау процесінде тәртіптің сақталуына қатаң мониторингті, материалдарды зерделеу барысын және тапсырмалардың уақтылы орындалуын бақылауды, оның цифрлық ізі арқылы бағалауды қамтамасыз етеді.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. ҚО ЖАОК қолдану арқылы игеру көзделетін пәндерді қоспағанда, оқыту синхронды форматтағы оқу сабақтарын өткізу арқылы іске асырылады.

Денсаулыққа байланысты уақытша шектеулері бар және арнаулы оқу орнына тұрақты түрде баруға мүмкіндігі жоқ адамдарға арналған оқу сабақтары (медициналық ұйымдардың және/немесе округтік әскери-дәрігерлік комиссиялардың растайтын құжаттары болған кезде) асинхронды және/немесе синхронды оқыту форматы арқылы және ТЖМ арнаулы оқу орнының шешімі бойынша оқу материалдарын өз бетінше игеру жолымен ұйымдастырылады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды ҚО қолдана отырып өткізу үшін ТЖМ арнайы оқу орны білім онлайн прокторинг жүйесін қолданады."

3. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнының қызмет қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 13 тамыздағы № 394 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23991 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнының қызмет қағидаларында:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. ТЖМ-ның арнаулы оқу орнындағы білім алушылардың саны "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 2-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін мемлекеттік білім беру тапсырысымен (бұдан әрі – мемлекеттік білім беру тапсырысы) айқындалады."

4. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнына ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 3 қыркүйектегі № 427 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24259 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнына ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларында:

15-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) кандидат оқуға Қазақстан Республикасы "Құқық қорғау қызметі туралы" Заңының 6-бабының талаптарына сәйкес келгенде арнаулы оқу орнына оқуға кандидаттың жеке ісін және оқуды бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу кепілдігі бар ұсыныс хатты жолдайды.";

21-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Шетелде жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік білім алған адамдарды шетелдік ЖОО-дан ауыстыру кезінде "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 230 бұйрығына (бұдан әрі – Білім туралы құжаттарды тану қағидалары) сәйкес білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өткен білім алуды аяқтағаны туралы құжатты ұсынады.";

29-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы "Құқық қорғау қызметі туралы" Заңының 6-бабының талаптарына сәйкес келген кезде оқуға кандидаттың жеке ісін және оқуды аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасуға кепілдік берілген ұсыныс хатты арнаулы оқу орнына жібереді.".

5. "Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 445 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24401 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнына оқуға қабылдау қағидаларында:

4-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама ұсынылады;"

1-қосымшаның 16-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Әскери қызметіне қатысы _____

(әскери міндетті, әскери міндетті емес, әскери есептегі мамандығы, әскери атағы, әскери билеттің номері және жеке номері (бар болса))".

6. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнында азаматтық қызметші лауазымдарын қоспағанда, педагогтер, ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушысының 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 453 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24506 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнында азаматтық қызметші лауазымдарын қоспағанда, педагогтер, ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасу қағидаларында:

2-қосымшаның 16-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Әскери қызметіне қатысы _____

(әскери міндетті, әскери міндетті емес, әскери есептегі мамандығы, әскери атағы, әскери билеттің номері және жеке номері (бар болса))".

7. "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушысының 2021 жылғы 17 қыркүйектегі № 456 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24495 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнына оқуға қабылдау қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. ТЖМ арнаулы оқу орнына оқуға кандидаттарды (бұдан әрі – оқуға кандидаттар) қабылдау:

1) магистратураға (күндізгі оқу нысанымен), PhD докторантураға қабылдау жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін мемлекеттік білім беру тапсырысын (бұдан әрі-мемлекеттік білім беру тапсырысы) орналастыру арқылы жүзеге асырылады;

2) магистратураға (қашықтықтан оқыту нысанымен) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығымен бекітілетін қашықтықтан оқыту бойынша жоспары арқылы жүзеге асырылады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. ТЖМ арнаулы оқу орнының ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша (күндізгі оқу нысанымен) магистратурасына жоғары білімнің білім беру

бағдарламаларын меңгерген және азаматтық қорғау органдарында кемінде бір жыл практикалық жұмыс өтілі бар кандидаттар оқуға қабылданады.

Оқуға бейіндік бағыт бойынша (қашықтықтан оқыту нысанымен) ТЖМ арнаулы оқу орнының магистратурасына жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген және азаматтық қорғау органдарының басшы лауазымдарында кемінде бір жыл практикалық жұмыс өтілі бар кандидаттар қабылданады.

Қазақстан Республикасы азаматтық қорғау органдарының басшылық лауазымдарының тізбесі "Қазақстан Республикасы азаматтық қорғау органдарының басшылық лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 26 мамырдағы № 235 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22892 болып тіркелген).";

2-қосымшаның 16-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Әскери қызметіне қатысы _____

(әскери міндетті, әскери міндетті емес, әскери есептегі мамандығы, әскери атағы, әскери билеттің номері және жеке номері (бар болса))".

8. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Білім беру ұйымына, шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға бюджет қаражаты есебінен ақы төлей отырып, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің жолдамасы бойынша түсетін адамдармен келісімшарт жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 28 қыркүйектегі № 473 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24588 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Білім беру ұйымына, шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға бюджет қаражаты есебінен ақы төлей отырып, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің жолдамасы бойынша түсетін адамдармен келісімшарт жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату қағидаларында:

1-қосымшада:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

" _____ (Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымының (бұдан әрі – ТЖМ білім беру ұйымы) атауы) _____ мекенжайы бойынша орналасқан _____ (20__ ж. " __ " __ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі берген № _____ сериясы _____ лицензия) Жарғының негізінде әрекет ететін бұдан әрі "ТЖМ білім

беру ұйымы" деп аталатын _____, (лауазымы, арнаулы (әскери) атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) бір тараптан және бұдан әрі "курсант" деп аталатын _____ мекенжайда тұратын _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) ТЖМ білім беру ұйымына оқуға қабылданған адаммен төмендегілер туралы осы келісімшартты жасасты:";

3-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) әскери билетті (тіркеу куәлігін) (бар болса), сондай-ақ еңбек кітапшасын сақтауды және оған қажетті жазбалар енгізуді қамтамасыз етуге (тағайындау, босату, көтермелеуді қолдану туралы жазбалар);";

2-қосымшаның кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

" _____, (Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымының (бұдан әрі – ТЖМ білім беру ұйымы) атауы) _____ мекенжайы бойынша орналасқан _____ 20____ ж. " _____ " _____ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі берген № _____ сериясы _____ лицензия) Жарғы негізінде әрекет ететін, одан әрі "ТЖМ білім беру ұйымы" деп аталатын _____, бір тараптан және ТЖМ білім беру ұйымының магистратурасына/докторантурасына қабылданған бұдан әрі "магистрант/докторант" деп аталатын тұлға _____ екінші тараптан (арнаулы атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) және _____ негізінде және магистранттың/докторанттың (арнаулы атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) мүддесінде, әрекет ететін, бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын _____ (Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі – ТЖМ), _____ ТЖМ аумақтық бөлімшесінің, азаматтық қорғаныс әскери бөлімінің, ТЖМ білім беру ұйымының атауы) атынан төмендегілер туралы осы келісімшартты жасасты:";

3-қосымшаның кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

" _____, (Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымының (бұдан әрі – ТЖМ білім беру ұйымы) атауы) _____ мекенжайы бойынша орналасқан _____ (20____ ж. " _____ " _____ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі берген № _____ сериясы _____ лицензия) Жарғы негізінде әрекет ететін, одан әрі "ТЖМ білім беру ұйымы" деп аталатын _____, бір тараптан және шет мемлекеттің құқық қорғау органдарының жоғары білім берудің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымына оқуға жіберілетін, бұдан әрі "курсант" деп аталатын _____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, арнаулы атағы) екінші тараптан, ал бірге "Тараптар" деп аталатын төмендегілер туралы осы Келісімшартты жасады:".

9. "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидаларын және одан өту шарттарын, сондай-ақ оларды

алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 15 қарашадағы № 207 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30570 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидаларында және одан өту шарттарында, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерінде:

4-3-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) әскери билет немесе тіркеу куәлігі, немесе әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламасы бойынша оқуды аяқтағаны туралы сертификат (бар болса);";

4-4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Кандидатта әскери билет немесе тіркеу куәлігі болмаған кезде кадр қызметтері Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер арқылы кандидаттың Заңның 10-бабына сәйкестігі туралы мәселені шешу үшін әскери қызметке қатынасын тексереді.

Кадр қызметіне кандидаттардың кандидаттың әскери қызметке қатынасын растайтын, Қазақстан Республикасының Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер арқылы алынған ақпаратты (құжаттарды) ұсынуына жол беріледі.";

3-қосымшаның 20-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Әскери міндеттілікке қатынасы және әскери атағы. Әскери билет (тіркеу куәлігі), сериясы, нөмірі, кім және қашан берді (бар болса).";

4-қосымшаның 16-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Әскер қызметіне қатысы _____

Отношение к воинской обязанности _____

(әскери міндетті, әскери міндетті емес, әскери есептегі мамандығы, әскери атағы, әскери билеттің номері және жеке номері (бар болса))

(военнообязанный, невоеннообязанный, военно-учетная специальность, воинское звание, номер военного билета и личный номер (при наличии))".

10. "Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің сыныптық біліктілігін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 320 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31222 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің сыныптық біліктілігін айқындау қағидаларында:

4-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қызметкерлердің және әскери қызметшілердің сыныптық біліктілігін беру туралы шешімді осы Қағидалардың 3-тарауында көзделген тәртіппен құрылған қызметкерлер мен әскери қызметшілердің сыныптық біліктілігін айқындау бойынша азаматтық қорғау органдарының біліктілік комиссиялары (бұдан әрі - біліктілік комиссиясы) шығарған осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкерлер мен әскери қызметшілердің сыныптық біліктілігін беру туралы актінің (бұдан әрі – акт) негізінде:";

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ТЖМ ТЖД, ТЖМ ТЖД Төтенше жағдайлар басқармаларының (бөлімдерінің) қызметкерлері мен әскери қызметшілеріне, ТЖМ ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі бастықтары мен олардың орынбасарларына қатысты - ТЖМ ТЖД бастықтары немесе олардың міндеттерін атқарушылар;";

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) ТЖМ ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі қызметкерлеріне қатысты - ТЖМ ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі бастықтары немесе олардың міндеттерін атқарушылар;";

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте осы Қағидалардың 17, 26, 27 және 29-тармағында санамаланған адамдардың сыныптық біліктілігін растау, төмендету немесе алып тастау, қалпына келтіру осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген тұлғалардың бұйрығымен біліктілік комиссиясының қарауынсыз жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 6-1, 6-2 және 6-3-тармақтармен толықтырылсын:

"6-1. Бір АҚО-дан екіншісіне ауысу тәртібімен қызметке келген АҚО қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің қолда бар сыныптық біліктілігі тиісті үстемеақымен сақталады.

6-2. Бала күтімі бойынша демалыстағы АҚО қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің қолда бар сыныптық біліктілігі бала күтімі бойынша демалыстың барлық кезеңінде үстемеақысыз сақталады.

6-3. ТЖМ оқу орнында және уағдаластық шеңберінде шет елдерде күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын, мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген АҚО қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің қолда бар сыныптық біліктілігі оқудың және іссапардың барлық кезеңінде үстемеақысыз сақталады.";

17-тармақта:

1) тармақша алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) егер күш құрылымдардан босатылған күннен бастап және АҚО-ға қызметке қабылданған күнге дейін үш айдан астам уақыт өтпесе, күш құрылымдардан босатылған және АҚО-ның қызметіне қайта қабылданған тұлғаларға тиісті үстемеақы

белгілене отырып, осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген адамдардың бұйрығымен расталады.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын;

"Бұл ретте, егер күш құрылымдардан босатылған күннен бастап және АҚО-ға қызметке қабылданған күнге дейін үш айдан астам уақыт өтсе, күш құрылымдардан босатылған және АҚО-ның қызметіне қайта қабылданған тұлғалардың сыныптық біліктілігін айқындау осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.";

18-тармақ алып тасталсын;

19-тармақтың бірінші бөлігі алып тасталсын;

28-тармақ алып тасталсын;

32-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) осы Қағидалардың 4-тармағының 2-1) тармақшасында ТЖМ ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі бастықтарының орынбасарлары болып табылады.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Біліктілік комиссиясы осы Қағидалардың 15-тармағында көзделген материалды енгізген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде алқалы ашық дауыс беру арқылы шешім қабылдайды. Егер оған біліктілік комиссиясы мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, шешім қабылданды деп есептеледі.";

2-қосымша осы өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесіне қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7-қосымша алып тасталсын;

9-қосымша алып тасталсын.

Өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
қосымша

Азаматтық қорғау органдары
қызметкерлері мен әскери
қызметшілерінің сыныптық
біліктілігін айқындау
қағидаларына 2-қосымша
Нысан

Қызметкерлер мен әскери қызметшілердің сыныптық біліктілігін беру туралы акт

Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлер мен әскери қызметшілердің сыныптық біліктілігін айқындау бойынша біліктілік комиссиясы (бұдан әрі - комиссия) құрамында: комиссия төрағасы (лауазымы, арнаулы (әскери) атағы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)) (бұдан әрі - ТАӘ) және комиссияның басқа мүшелері (лауазымы, арнаулы (әскери) атағы, ТАӘ, сыныптық біліктілікті беруге ұсынылған материалды қарап, мынадай шешім шығарады:

№	Арнаулы (әскери) атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Атқаратын лауазымы	Құқық қорғау қызметінде, арнаулы мемлекеттік органдарда, әскери қызметте мерзімді әскери қызметті қоспағанда) жұмыс өтілі, сондай-ақ мемлекеттік қызметте жұмыс өтілі	Азаматтық қорғау органдарында қызмет өтілі (азаматтық қорғау органдарында қай уақыттан бастап (күні, айы, жылы))	Қолда бар сыныптық біліктілік (сыныптық біліктілікті беру, растау, төмендету немесе алу, қалпына келтіру туралы бұйрықтың күні мен нөмірі)	Комиссия шешімі
1.						
2.						

Комиссия төрағасы _____

Комиссия мүшелері _____

Комиссия хатшысы _____

20__ жыл "___" _____